Бекітемін:
№29 «Ак-Керім» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі:
К.К.Сейдалиева

# «Отбасылық тәрбие . Ата-аналардың отбасылық тәжірибасімен бөлісуі»

Ата-аналар жиналысы

13.01.2023ж



«Ақ көгершін» мектепалды тобы
Тәрбиешілер: Анарбаева.Р.А
Мухаева.А.Н

Scanned by TapScanner

## Отбасылық тәрбие

## Ата- аналардың отбасылық тәжірибесімен бөлісуі

**Ата- аналар жиналысы:**

**Отбасы- тәрбиенің ұясы**

**Мақсаты:**

**Бала тәрбиесіндегі ата- ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру;Отбасы мүшелінің арсындағы бауырмалдық, қайырымдылық,достық қарым- қатынасты қалыптастыру;**

**Түрі: топтастыру**

**Көрнекілігі: карточка,дөңгелектер, нақыл сөздер,«кірпіш тапсырмасы бар; қағаз қалам.**

**Жоспар**

**1. Тренинг: шаттық шеңбері**

**2. Кіріспе сөз: Ата- ананың басты қуанышы бала**

**3. Ата аналамен ойын өткізіледі.**

**4. Қорытынды.**

**Сәлеметсіздер ме, құрметті ата аналар, қонақтар!Бүгінгі жиналысты ерекше өткізгім келіп тұр.**

**Тренинг: Ата аналар ортаға дөңгеленіп тұрып, бүгінгі кездесуден не күтетіні айтады.Содан кейін ата аналар топқа бөлінеді.**

**Ата- ананың басты қуанышы- бала.**

**Ата- ананың басты- қазығы, алтын тіреу діңгегі- бала. Отбасы тұлғаны дамытатын кішігірім орта.Отбасының қоғамдағы мақсаты; баланы дамытып қана қоймай, оны өмірге дайындап, рухани жағынан жеткізіп, тұлға ретінде қалыптастыру. Отбасында баланың жан -жақты қалыптасуына ата- ана мен отбасы мүшелерінің қарым қатынасында махаббат, сүйіспеншілік, адамгершілік, қайырымдылық, әділдік, ұйымшылдық, мәдениеттік қасиеттері және т.б келбетін сақтайтын тұлға тәрбиелеуге керек екендігі бәрімізге аян.Мына жасампаз ғасырда, жаһандану дәуірінде мектеп партасында отырған баланың жан- жақты білім алуына ең бірінші ықпал ететін- ұстаз болса, оның сүйеніші ата- ана. Сондықтан ата -ана өз баласының білім алуына барынша жағдай жасау тиіс. Бала тәуліктің бір бөлігінде, яғни**

**5 сағат балабақшада болса, 18 сағат өз отбасында тәрбие алады.**

**2. «Балаңызға деген сүйіспеншілік деген» ойыны өткізіледі.**

**Баланың жан дүниесі – Бұл толып тұрған ыдыс сияқты. Өз балаңыздың қандай болғанын қалайсыз? Қандай қабілеттері болғанын және сіз өзіңізден қандай қасиетті алғанын қалайсыз? Әрқайсыларыңыздың қолдарыңызда жүрек бар. Сол жүректің ішіне өздеріңіздің ойларыңызды жазып, осы ыдыстың ішіне салып**

Scanned by TapScanner

қойыңыздар және де жазған сөздеріңізді айтып шығуларыңыз керек. Қорыта айтқанда ата ананың махаббаты, сүйіспеншілігі бала үшін бақыт, Осы сезімдеріңіз арқылы баланың өз орнын таба білуге үйретесіздер.

*3. Дидактикалық ойын «Отбасылық махаббат үйі»*

*Ал енді қазір сіздермен «отбасылық махаббат үйі » атты ойын өткіземін.Балаларыңызға деген махаббатты анықтай аласыздар.*

*Әр адамның өз үйі бар, бірақ ол үй тек баспана ғана ретінде емес, сол үй жақсы көріп және күтетін жер болу керек.Сондықтан сіздердің міндеттеріңіз жай ғана армандап жүрген үй салу ғана емес, ал сол жерде тұратын балаларға бақыт, махаббат, жылу, беретін үй салуларыңыз керек. Ол үшін ерекше материал қажет.Әрине даладағы жатқан тақтайлар емес, ал адамның негізгі қасиеттерімен саламыз.Олар: Мейірімділік, күлкі, түсінушілік, шыдамдылық,көмектесу.*

*Үстел үстінде кірпіштер жатыр. Соларды алып үй саласыздар,бірақ салғанда жай салмайсызадар, артында тапсырмалар жазылады соны орындай отырып үй құрамыз.Ойлануға бір екі минут беріледі.*

*Ойын тапсырмалары;*

*1. «Парасатты» кірпіші*

*Қағазды екі қатарға бөліп ата аналардың плюс және минус жағын үш сөз арқылы жеткізу, жазу, айту.*

*2. «Достық» кірпіші*

*«Үй» деген сөзді қалай түсінесіз?*

*Мысалы: менің қорғанысым,күтетін жер, отбасылық ұйытқысы*

*3. «Махаббат» кірпіші*

*Мимика жест арқылы өзіңіздің бала деген махаббатыңызды жеткізесіз*

*4. «Тапқырлық» кірпіші*

*Мектеп сөзінің әрбір әрпінен балаңыздың мінезін сипаттаңыз.*

*5«Түсінушілік»*

*Сурет арқылы баланың мінезін анықтау. Бұл төбесі -жақсы көңіл күй екенін білдіреді.Тапсырма: бір минут ішінде дөңгелек ішіне баланың бақытты көңіл күйін салу керекпіз және жапсыру. Үйіміз дайын.*

*Менің ойымша отбасы- бұл махаббат үйі, ал бала –бақыт.*

*Сондықтан ата ана махаббаты балаңыздың өмірге деген құштарлығын, жолын ашады.*

*Халқымыз «Ұяда не көрсең, соны ілерсің» дейді. Бала әрқашанда ата анадан мейірімділікті, сүйіспеншілікті, жүрек жылуын қажет етіп, ата ананы өмірдің тірегі санайды.*

Scanned by TapScanner

***Ата ананың тіршілігіндегі көрген қызығы, жақсылығының ең бағалысы перзенті.Баланың бойында туған үйдің жылуы оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде болады. Отбасы бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының тигізетін әсері мол. Қатысып ой бөліскендеріңіз үшін рахмет!***

Scanned by TapScanner

№29 «Әлі-Керім» бөбекжай бақшасы-ның

«Ақкөгершін» м.а.д. тобы

Ата-аналар жиналысының

№2 хаттамасы

2023ж 13 қаңтар.

Қатысқандар: 17

Қатыспағандар: 8

Күн тәртібі:

1. Отбасылық тәрбие. Ата-аналардың отбасылық тәжірибесімен бөлісу" (пікір алмасу".
2. Ойын: «Балаңызға деген сүйіспеншілік"
3. Тренинг: Отбасылық махаббат үйі"
4. «Ата-ананың басты қуанышы бала" баяндама.
5. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды.

1. Бүгінгі жиналысымызда бірінші мәселе бойынша осы топтың тәрбиешісі Мухаева Әсерке Найзабековна ата-аналарға. Отбасылық тәрбие". Ата-аналардың отбасылық тәжірибесімен бөлісуі атты кеңес өткізді. Парақша-лар таратылып әр ана өз ойын жазып беруін өтіндім. Кеңесте пікір алмасу арқылы аналар өз отбасын-дағы ұстанатын тәрбие мен құндылықтары туралы айтылды. Аналарға осы тақырып арқылы балаға жақсы тәрбие беруге, оларды мәпелеуге, өздерінің білгендерін үйрету туралы пікір алмасты

2. Мәселе: Ата-аналармен ойын

Тақырыбы: Балаңызға деген сүйіспеншілік

Әр ата-аналарға жүрекше таратылып беріледі. Сол жүрекшелерге: Өз балаңыздың бойындағы болғанын қалайсыз.

- Қандай қасиеттері болғанын және сіз өзіңіздің қандай қасиет алғанын қалайсыз?

Осы сұрақтарға жауап беру арқылы ойын аяқталады.

3 - Мәселе:

Тренинг: Отбасылық махаббат үйі

апта тренингі психолог Жанат Рустемова жүргізді

Бірінші танысу: барысында қаламдама оқылды және аналармен пікір алмасты

Осы тренинг барысында аналар бала тәрбиесінде

Scanned by TapScanner

көрсетпеген мағлұмат
алды. Білімгер, мұғаліммен
пікірлерін сұрау жою арқылы
өздеріне тиісті алды.

4. Мәселе.

„Ата-ананың басты
қуанышы бала" бағалау
Ата-аналарға бағалау
ойында. Бұл бағалау тарапынан
баланы дамытып және үйінде.
оны өсіруге дайындап, рухани
жағынан жетілдіріп, туған реңінде
қалыптастыру. Балаға дұрыс
тәрбие беруге жол сілтеу.

5 Мәселе.

Әртүрлі мәселелер.
Төлемі ақылы үйірмелерге тарту
балаларды базардағы қолдан-
тау мерзіміне сай шығару
мазалауына соқтыру.

Scanned by TapScanner

Қауым шешімі

«Отбасылық тәрбие» Ата-аналардың отбасылық тәрбиесімен бөлісуі - атты кеңес тақырыбы. Барысында ата-аналар өздеріне керекті мағлұматтарды алды. Психологиялық тренингке қуанышпен атсалысты. Ата-аналар кеңестерімен бөлендешімелерде шуғыт таудаі пікірлесті. Аналар барысында ойын ойнау барысында өздеріне керемет көңіл күй сыйлады.

Хатшы: Мұхаева А.Ж. АЖМұ